

ӘОЖ 343.222

Г.М. Атаханова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: atakan73@mail.ru

**Нарықтық қатынастар және ақпараттық
қоғам жағдайларындағы меншікке қарсы қылмыстардың затын
теориялық тұрғыдан талдау**

Бұл мақалада автор арқылы нарықтық қатынастар және ақпараттық қоғам жағдайларындағы меншікке қарсы қылмыстардың объектілері мен затын талдау болып табылады. Автор арқылы мүліктің ұғымы, мүлікке құқық және мүліктік сипаттағы әрекеттер қарастырылып зерттелген. Сондай-ақ, олардың арасындағы байланыс, мүлік құқығы және мүліктік сипаттағы әрекеттерді пән ретінде бағалап, негізделген. Меншікке қарсы қылмыстардың объектісі мен затының қылмыстық-құқықтық мәні ашылған. Меншікке қарсы қылмыстарды басқа да ұқсас қылмыстардан ажырату шектері ұсынылған.

Түйін сөздер: пәні, объект, қылмыс, меншікке қарсы қылмыстар, меншікке қарсы қылмыстардың алдын алу.

G.M. Atachanova

**Theoretic esie study of the object and subject
of crime under market conditions and the information society**

This article describes the objects of crimes against property and the author analysed for offences under conditions of market economy and information society. The author of the content of the concepts of «property», «right to property» and «patrimonial» actions. Determined by the ratio between them and assess the adequacy of the consideration of the last two as subjects of crimes. Disclosure of criminal law value of the object and the subject of crimes against property. To produce recommendations for the delin-eation of crimes against property related crimes.

Key words: subject, object, crimes against property, the prevention of crimes against Property.

Г.М. Атаханова

**Теоретические исследования объекта и предмета преступления
против собственности в условиях рыночных отношений и
информационного общества**

В данной статье рассматриваются объекты преступлений против собственности и проанализирован предмет преступления в условиях рыночных отношений и информационного общества. Автором исследовано содержание понятий «имущество», «право на имущество» и «действия имущественного характера». Также определено соотношение между ними и оценена обоснованность рассмотрения последних двух в качестве предметов преступлений. Раскрыто уголовно-правовое значение объекта и предмета преступлений против собственности. Выработаны рекомендации по разграничению преступлений против собственности со смежными преступлениями.

Ключевые слова: предмет, объект преступления против собственности, профилактика преступлений против собственности.

Жалпы мәселелерді шешуде, сондай-ақ нақты қылмыстар, оның ішінде меншікке қарсы қылмыстар құрамын бағалауда қылмыстың затының маңызы зор. Қылмыс затының алатын орны мен маңызы, оның түрлері туралы мәселе қазіргі қылмыстық құқық ғылымында дау тудырып отырғаны белгілі.

Қылмыс объектісі мен заты ұғымдарының дербестілігін ескере отырып, олардың арақатынасын түсіну маңызды. Қылмыс заты объектімен тікелей байланыста болады. Қылмыс объектісіне зиян келтіру механизмі көбінесе оның затына зиян келтірумен байланысты. Қылмыстық құқық доктринасында қылмыс заты туралы мәселе оның объектісінің проблемасымен тығыз байланысты. Сондықтан оларды өзара байланыстырып қарастыру қажет деп есептейміз.

Қылмыс затының заң шығару және құқық қолдану практикасында атқаратын рөлі маңызды. Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс затын және оның қастандық объектісімен арақатынасын анықтау туралы уақыт өте келе өзгеріп отыратындығы жөнінде көптеген пікірлер қалыптасқан.

Революцияға дейінгі кезеңде криминалистер қылмыстың заты мен объектісін кейде шатастырып қолданған кездері де болған. 1940 жылы заң мектептеріне арналып шығарылған қылмыстық құқық оқулығында объект пен заттың шектері ажыратылған. Сол оқулыққа сәйкес, қылмыс заты – бұл қылмыстың жүзеге асырылуына байланысты бұйымдар, материалдық заттар.

Қазіргі уақытта көптеген ғалымдар ұстанатын ең көп таралған ұстаным бойынша, қылмыстық қастандық заты қылмыстың жасалуына байланысты немесе себеп болған зат болып табылады. Ал қылмыс объектісі сол құндылықты иеленетін тұлғаның мүдделері болып саналады. Қылмыс затына әсер етіп отырған айыпты қылмыс объектісіне қастандықты жүзеге асырады. Р.Р. Галиакбаровтың пікірінше, қылмыс заты – бұл белгілі бір қоғамдық қатынастардың өмір сүруіне себеп, жағдай немесе айғақ болып табылатын соларды қолданыстан алып тастау, жою немесе түрін өзгерту арқылы қылмыс объектісіне зиян келтірілетін материалдық құндылықтар, заттар, құжаттар болып табылады [1].

В.Я. Таций қылмыс затын үш түрге бөліп қарастырған: 1) күзетіліп жатқан қоғамдық қатынас заты; 2) қылмыс заты; 3) қылмыстық әсер ету заты. «Қоғамдық қатынас заты сол жүйелі құрылыстың тек бір элементі ғана болып табылады, ол кез келген қоғамдық қатынасқа тән жә-

не оның құрылымында тек бір ғана әлеуметтік бағытты орындай алады – оның заты болып табылады» [2].

В.Я. Таций қоғамдық қатынас затымен бірге қылмыс затын қылмыс құрамының дербес нышаны ретінде бөліп шығарған. Оның пікірінше, қылмыс заты деп қылмыстық заң белгілі бір қасиеттерімен тұлғаның әрекеттерінде нақты қылмыс құрамының белгілерінің бар болуын байланыстыратын материалдық әлемнің кез келген заттарын санауға болады. Келтірілген анықтамаға сәйкес, қылмыс затына материалдық әлемнің кез келген өзге құндылықтары емес, тек белгілі бір заттары жатады.

В.Я. Таций қоғамдық қатынас затымен және қылмыс затымен қатар қылмыстық әсер ету затын бөліп көрсеткен. «Қылмыстық әсер ету заты деп қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастың тікелей әсер алатын және сондықтан да бірінші кезекте зиян келтірілетін элементін айтады». Ондай затқа субъект, әлеуметтік байланыстың өзі, сондай-ақ қоғамдық қатынас заты жатқызылуы мүмкін. Әрбір нақты қылмыстың қылмыстық әсер ету затын анықтау объектінің өзіне зиян келтіру «механизмін» анықтауды жеңілдетіп, қоғамдық қауіпті әрекеттің мөлшері мен салдарының сипатын анықтауға жағдай жасайды.

Меншікке қарсы қылмыстың заты мен объектісінің өзара қатынасы Ф. Энгельстің пікірі бойынша, меншік қатынастарының «әрдайым заттармен байланысты және заттар ретінде білінетіндігін» білдіреді.

Кез келген қылмыс құрамының міндетті белгісі болып табылатын объектіге қарағанда, қылмыс заты – бұл факультативті белгі. Қылмыс құрамының факультативті белгілерінің ішінде қылмыс заты ҚР ҚК Ерекше бөлігінің баптарында жиірек бекітіледі, бұл оның маңызды екендігін растайды. Кейбір қылмыстық әрекеттердің нақты қастандық заты жоқ болуы да мүмкін (мысалы, дезертирлік, жала жабу және т.б.). Егер қылмыстың заты норма диспозициясында тікелей көрсетілген болса, онда аталған қылмыс құрамы үшін ол міндетті болып табылады және оның анықтамасы – әрекетті дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін қажетті шарт. Мысалы, талан-таражға салуда міндетті белгі – мүлік, паракорлықта – пара заты, жалған ақша жасауда – жасанды ақша немесе құнды қағаздар және т.б. болып табылады.

Қылмыс жасалған кезде қоғамдық қатынастарға – объектіге – міндетті түрде зиян келті-

рілгенімен, қылмыс заты әрдайым зақымдала бермейді. Мысалы, талан-таражға салу кезінде айыпты бөтен затты заңсыз иеленуге және әрі қарай пайдалану міндетіне сәйкес қолдануға ұмтылады. Мұндай жағдайда қылмыс бөтен мүліктің қол сұғылмаушылығын білдіретін қоғамдық меншік қатынастарын бұзады, нақты ұрланып жатқан зат (компьютер, теледидар және т.б.) бүтін болып қалады.

Қылмыстық қастандық объектісі ретінде қоғамдық қатынас өзінің жеке бейнесінің мазмұнын өзгертуі немесе мүлде жоюы мүмкін деген пікір қалыптасқан. Тек осы мағынада ғана объектіге зиянның келтірілуі туралы айтуға болады. Қылмыс объектісі – қоғамдық қатынас болып табылатындықтан, ол бұзылуы немесе жойылуы мүмкін. Біздің пікірімізше, мұндай пайымдау дау туғызуы мүмкін, себебі құқық нормаларында бекітілген қоғамдық қатынасты – заңда, келісім шартта, дәстүрде белгіленген адамдар арасындағы қарым-қатынас ережелерін жою мүмкін емес. Талан-таражға салу кезінде айыпты қоғамдық меншік қатынастарын, мүліктің меншіктенушісі мен меншіктенуші емес адамның арасындағы нақты қатынастарды бұзады. Алайда мүлік алынғаннан кейін меншік құқығы тұрақты болып қала береді, жәбірленуші меншіктену құқығынан айырылмайды және ұрланған затты бөтен заңсыз иеліктен талап ете алады.

Объектіге қарағанда қылмыстық қастандық заты әрдайым емес, тек кейбір жағдайларда ғана, мысалы заттарды, ғимараттарды, көшеттерді және т.б. жойған немесе зақымдаған жағдайларда бұзылады. Қылмыс затына келтірілетін зиян сол заттың физикалық жойылуын немесе бұзылуын білдіруі мүмкін.

Қылмыс заты деп субъект әсер тигізе отырып қылмыс объектісіне зиян келтіретін материалдық әлем заттары аталады. Н.А. Беляевтың пікірі бойынша, қылмыс заты бұл әсер тигізе отырып қылмыскер қоғамдық қатынасты бұзатын немесе бұзуға ұмтылатын қастандық объектісінің элементі [3].

Кейбір авторлар қылмыстың объектісі мен затының арасын шектеу практикалық мағына тұрғысынан мақсатқа сәйкес емес және олар «объект» және «зат» ұғымдарын теңдестіреді деп санайды. Мысалы, Б.С. Никифоров қылмыс заты – бұл қылмыс объектісінің – қоғамдық қатынастың бар болғаны құрамдас бөлігі ғана болып табылады сондықтан да, қылмыс затын жеке зерттеудің қажеті жоқ деп санаған [4].

Алайда, қылмыстың заты мен объектісін теңдестірген дұрыс емес деген пікірдеміз. Шынында да, қылмыс заты қоғамдық қатынастардан тыс бола алмайды, бірақ қастандық объектісі қастандық жасалған нақты объектіні анықтай отырып, дербес мағынаға ие. Қылмыс заты – бұл қоғамдық қатынастардың пайда болуына себеп болатын нақты игілік. Қылмыстың затын бөліп шығаруды және зерттеуді қылмыс объектісін тереңірек және жан-жақты зерттеу үшін жүзеге асыру қажет.

Қылмыстық-құқықтық мағынада қылмыстың заты қастандық объектісінен тыс бола алады, ол әрдайым нақты қоғамдық қатынастармен байланыса отырып әрекет етеді. Қоғамдық қатынасыз қылмыстың заты пайда бола алмайды, себебі қылмыс тек қоғам ішінде ғана жасалуы мүмкін. Зат қоғамдық қатынастар аясында айналатындықтан қылмыстың заты болады.

В.Н. Кудрявцев қылмыстың заты мен объектісінің арақатынасы туралы айтқанда қылмыстық заң заттар мен бұйымдардың өздерін емес, қастандық объектілері болып табылатын қоғамдық қатынастарды қорғайды деген. Сол себептен, көптеген қылмыстық құқық институттары үшін зат, оның ерекшеліктері және затқа келтірілетін зиян туралы ұғымдардың маңызы зор [5].

Ресейдің көптеген криминалистері қылмыс заты ретінде сол затқа байланысты орын алатын қоғамдық қатынастардың субстратын қабылдайды. Зат – бұл нақты бір бұйым, ал объект – бұл сол бұйымға байланысты әлеуметтік қатынас болып табылады. Сондықтан, өзара байланыстың бар болуына қарамастан, бұл құбылыстарды теңдестіруге болмайды, себебі қылмыс заты – бұл әлеуметтік сипаты бар белгілі-бір қоғамдық қатынастар, ал қылмыстың заты өз табиғаты бойынша физикалық, заттық мәнмен сипатталады. Сондықтан қылмыстың затын қоғамдық қатынастармен (объектімен) теңдестіруге де, қарама-қарсы қоюға да болмайды, өйткені зат бұл қоғамдық қатынастардың, олардың белгілі бір тұстары мен қасиеттерінің материалдық көрінісі болып табылады. Заттар қатынастардан тыс бола алмайды және оларды қатынастардан оқшаулауға болмайды.

М.А. Гельфер қылмыс затының объектінің құрамдас бөлігі болып табылғанымен, алайда әрбір жаңа қылмыста заттың түрленетінін, заң шығарушы белгілі бір қылмыс құрамын құру кезінде тағайындайтын жаңа қасиеттерге ие болатынын, сондықтан да оны қылмыстың заты

дербес заңды ұғым болып табылатындықтан қылмыстың объектісімен шатастыруға және теңдестіруге болмайтындығын дәлелдеген [6].

И.С. Самощенко объектінің затқа немесе керісінше қарсы қойылуы мүмкін емес деп дұрыс көрсеткен. «Осы арада, құқық бұзушылық өзінің объектісінен жиі ажыратылады, соның салдарынан құқық бұзушылықтың объектісінің өзі құқық бұзушылықтардан тек соңғы нәтижесінде, яғни идеясында, ұғымында зиян шегетін баянсыз-тәнсіз бір нәрсеге айналады» [7].

Қылмыс затының объектіден ажыратылуын негізсіз деп қабылдауға болмайды. Қылмыс объектісі – құқық нормаларымен бекітілген қоғамдық қатынастар, ал қылмыс заты – нақты игілік (зат, өмір және т.б.) болып табылатындығына қарамастан, қылмыстың заты мен объектісі бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамдық қатынастар осы игіліктерге байланысты пайда болады. Құндылық жоқ болса, онда оған әсер ету ережелерін анықтаудың да қажеті жоқ. Ал екінші жағынан, құндылық (зат) қоғамнан тыс жерде сол құндылыққа қызығушылық білдірген тұлғалар жоқ болған жағдайда қылмыс заты ретіндегі қандай да бір мағынасынан айырылады.

Сондықтан зат объектімен бір-біріне қатысты сырттай орналасқан аталмаған бірліктің бөліктері ретінде емес, біртұтас нәрсенің құрамдас бөлігі ретінде – «затпен» қатар, басқа да элементтер кіретін сол бүтін нәрсемен байланыстырылады деп пайымдаған Б.С. Никифоровпен келіскен жөн. Қылмыстың заты – бұл қылмыс объектісінің – қоғамдық қатынастың тек құрамдас бөлігі ғана болып табылады.

Көп жағдайда әдебиеттерде қылмыстың затынан қылмыс авторлар объектісі ретінде қарастыратын қоғамдық қатынастардың туындауының себебі болып шығарылады.

Қылмыстық құқық ғылымында әдетте қылмыс затын келесі топтарға жіктейді: адам (жәбірленуші), мүлік (заттар); жануарлар мен өсімдіктер. Бұл жағдайда егер жануарлар немесе өсімдіктер адамның еңбегімен өсірілген болса, яғни бағаның экономикалық қасиетіне ие болса, онда олар мүлік категориясына жатады және олардың заттық белгілері бар. Жеке адамға қастандық жасау кезінде «қылмыстың заты» белгісі «денесіне әсер ету арқылы объектіге қарсы қастандық жасалатын» адамды білдіреді (кісі өлтіру, адам денсаулығына зиян келтіру, зорлау және т.б. жағдайларда). Мұндай жағдайларда «қылмыс заты» ұғымының орнына «жәбірленуші» ұғымы қолданылады, себебі адамға – рух-

танған тіршілік иесіне қатысты зат ұғымы қолданыла алмайды.

Жануарлар мен өсімдіктер табиғи ортада мекендеп, өсіп-өнген, жабайы болған жағдайда қылмыс заты болып табылады. Мүлікке заттарды, ақшаны, құнды қағаздарды және басқа да мүліктерді жатқызуға болады. Азаматтық құқық мүлікке материалдық емес игіліктер болып табылатын мүліктік құқықтарды да жатқызады.

Белгілі-бір қылмыс затының анықталуының практикалық маңызы зор. Қылмыс заты практикалық жұмыскерге шеңберінде қастандық жасалған қоғамдық қатынасты көрсетуі мүмкін. Алайда бір зат әртүрлі қылмыстардың заты болып табыла алады. Мысалы, ақша талан-таражға салудың, паракорлықтың, қолдан ақша жасаудың заты болуы мүмкін. Сол себептен, қастандық затын анықтай отырып, тергеуші өзі үшін қылмыс объектісіне қатысты әртүрлі нұсқаларды құра алады. Қылмыс заты қажетті зерттеудің шекарасын белгілеген жағдайда іс жүзінде жүргізілетін жұмысты жеңілдетеді, қылмыс объектісін анықтау жолында алғашқы қадамға айналады.

Қылмыс затын қылмыс жасау қарулары мен құралдардан ажырата білу керек, себебі бір зат қылмыстың заты да, қаруы да немесе қылмыс жасау құралы да болуы мүмкін (мысалы, автомобильді айдап әкетуге болады, көлікпен ұрланған затты алып кетуге болады, сондай-ақ автомобильдің көмегімен кісі өлтіруге болады).

Зат – бұл қастандық объектісіне зиян келтіру үшін қылмыстық әсер алатын нәрсе; қарулар мен құралдар – қылмыс жасау кезінде қолданылатын заттар. Қарулар мен құралдар айыптының қылмыс жасау үшін, қастандық затына әсер ету үшін қолданатын сайманы болып табылады (мысалы, жасанды ақша басып шағыратын принтер, қолма-қол емес құралдарды, ақпаратты ұрлауға арналған компьютер және т.б.).

Қылмыс заты әрдайым бейнесін білдіретін қоғамдық қатынастармен байланысты болады. Қылмыс жасау қарулары мен құралдарының қастандық жасалатын қоғамдық қатынастармен байланысы болмайды. Мысалы, егер дәрімен атылатын қаруды ұрлау кезінде қоғамдық меншік қатынастары бұзылады. Егер қарақшылық шабуыл жасалған кезде қару қолданылған болса, қарудың қылмыс жасау құралы ретінде меншік қатынасымен байланысына қатысы болмайды.

Заң әдебиетінде қылмыс затын қылмыс жасау қарулары мен құралдарынан шектеудің үш негізгі критерийі бөліп шығарылған. Бірінші-

ден, қылмыс затына айыпты тарапынан қылмыстық әсер, оның ішінде қылмыс жасау қарулары мен құралдары қолданылған әсерлер тигізіледі, ал қылмыс жасау қарулары мен құралдарына қылмыс заты қолданылып әсер тигізілуі мүмкін емес. Екіншіден, қылмыс заты қылмыс бұзып жатқан игілікпен, объективті байланыста болуы мүмкін, қылмыс жасау қарулары мен құралдарының мұндай өзара байланысы жоқ. Үшінші-

ден, қылмыс заты айып формасы әртүрлі қылмыстар құрамдарына, ал қылмыс жасау қаруы мен құралы – тек қана айыптың формасы қасақана құрамдарға енгізіледі.

Әдетте қылмыстық құқық ғылымында қылмыс заты деп қылмыс жасалған кезде себеп болатын немесе себеппен байланысты болатын затты түсінеді. Алайда ғалымдардың пікірлері мұндай ұстанымдар шегінен тыс шығып отыр.

Әдебиеттер

- 1 Галиакбаров Р.Р. Уголовное право. Общая часть: учебник для вузов. – Краснодар, 2005. – С. 119-120.
- 2 Таций В.Я., Фролов Е.А. Понятие непосредственного (основного), дополнительных и факультативных объектов уголовно-правовой охраны и их значение для классификации посягательств на социалистическую собственность. В кн.: Материалы конференции. – Свердловск, 1968. – С. 94-97.
- 3 Курс советского уголовного права. Т. 1/ под ред. Н.А.Беляева, М.Д. Шаргородского. – Л., 1968. – С. 303.
- 4 Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. – С. 130-132.
- 5 Гельфер М.А. Некоторые вопросы общего учения об объекте преступления в советском уголовном праве//Ученые записки ВЮЗИ. – Вып. 8. – М., 1959. – С. 56.
- 6 Никифоров Б.С. Объект преступления по советскому уголовному праву. – М., 1960. – С. 122-123.
- 7 Самощенко И.С. Понятие правонарушения по советскому законодательству. – М., 1963. – С. 121.

References

- 1 Galiakbarov R.R. Uголовное право. Obshhaja chast': uchebник dlja vuzov. – Krasnodar, 2005. – S. 119-120.
- 2 Tacij V.Ja., Frolov E.A. Ponjatие neposredstvennogo (osnovnogo), dopolnitel'nyh i fakul'tativnyh ob#ektov ugolovno-pravovoj ohrany i ih znachenie dlja klassifikacii posjagatel'stv na socialisticheskuju sobstvennost'. V kn.: Materialy konferencii. – Sverdlovsk, 1968. – S. 94-97.
- 3 Kurs sovetskogo ugolovnogo prava. T. 1/ pod red. N.A.Beljaeva, M.D. Shargorodskogo. – L., 1968. – S. 303.
- 4 Nikiforov B.S. Ob#ekt prestuplenija po sovetskomu ugolovnomu pravu. – S. 130-132.
- 5 Gel'fer M.A. Nekotorye voprosy obshhego uchenija ob ob#ekte prestuplenija v sovetskom ugolovnom prave//Uchenye zapiski VJuZI. – Vyp. 8. – M., 1959. – S. 56.
- 6 nikiforov B.S. Ob#ekt prestuplenija po sovetskomu ugolovnomu pravu. – M., 1960. – S. 122-123.
- 7 Samoshhenko I.S. Ponjatие pravonarushenija po sovetskomu zakonodatel'stvu. – M., 1963. – S. 121.